

Шақыру жасындағы азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 наурыздағы N 1027 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 04 сәуірде N 10-7-137 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы N 1/1-1/2588 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2012.12.12 N 1/1-1/2588 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19, 23-баптарына және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы N 1163 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" N 623 қаулысына сәйкес, Жаңақорған ауданының

ә к і м д і г і

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудандағы шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгілеген мерзімін өткермеген азаматтарды "Жаңақорған ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы (келісімі бойынша) 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін аудандық шақыру комиссиясы құрылсын және оның құрамы N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін. Шақыру комиссиясының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру "

Жаңақорған ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінен (С. Әлімбетов, келісімі бойынша) сұралсын.

3. Аудандық шақыру комиссияның құрамынан әскерге шақырушы азаматтарды медициналық куәландырудан өткізетін аудандық медициналық комиссия құрылып, оның құрамы N 2 қосымшаға сай бекітілсін. "Жаңақорған аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынынан (Ж. Абдусаметов, келісімі бойынша) медициналық комиссия құрамына білікті дәрігерлер мен орта буынды медицина қызметкерлерін бөлу, белгіленген тәртіппен әскерге шақыру пункттерін дәрі-дәрмекпен, медициналық құрал-саймандармен және жабдықтармен қамтамасыз ету сұралсын.

4. Азаматтарды әскерге шақыру кестесі N 3 қосымшаға сай бекітілсін. Аудандағы барлық кент және ауылдық округ әкімдері өз әкімшілік аумағындағы әскерге шақырушыларды жергілікті әскери басқару органдарына шақырылғаны туралы хабардар етуді және олардың осы кестеге сәйкес шақыру учаскелеріне келуін қамтамасыз етсін.

5. "Жаңақорған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (М. Ауанов), аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің сұранысына сай, азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кезеңіне ақылы қоғамдық жұмыстарға тартылған азаматтарды бөлуді ұйымдастырсын.

6. "Жаңақорған аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Б. Абжапбаров, келісімі бойынша):

- 1) әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған тұлғаларды іздестіруді;
- 2) шақыру комиссиясының жиын пунктінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және шақырылғандардың жүру маршруттарында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. "Жаңақорған аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Ә. Сыздықов) әскери қызметке шақырылғандарды салтанатты жағдайда шығарып салу күндерінде әскерге шақырылған жастар алдында концерттер, жиын пунктінде әскери-патриоттық тақырыптардағы көркем суретті және деректі фильмдерді көрсетуді ұйымдастырсын.

8. "Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (С. Әлімбетов, келісімі бойынша) осы қаулыны орындау бойынша атқарылған жұмыстар туралы 2011 жылдың 10 шілдесіне және 2012 жылдың 15 қаңтарына аудан әкіміне ақпарат беру ұсынылсын.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б. Ибрагимовке жүктелсін.

10. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 5 сәуірдегі "Азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке

шақыру туралы" N 666 қаулысының (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12 сәуір 2010 N 10-7-95 номерімен тіркелген, " Жаңақорған тынысы" газетінің 2010 жылғы 17 сәуірдегі N 31 санында ресми жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

11. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

Б. Еламанов

" К Е Л І С І Л Д І "

"Жаңақорған аудандық емханасы"
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорынының бас дәрігерінің
міндетін атқарушы
Абдусаметов Жақсылық Әбілқасымұлы

_____ "28" наурыз 2011ж.

" К Е Л І С І Л Д І "

Жаңақорған аудандық ішкі істер бөлімі
бастығының міндетін атқарушы
Абжапбаров Бағдат Абшекенұлы

_____ "28" наурыз 2011ж.

" К Е Л І С І Л Д І "

Жаңақорған аудандық қорғаныс істері
жөніндегі бөлім бастығы
Әлімбетов Сабырхан Қалиханұлы

_____ "28" наурыз 2011ж.

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы
" 2 8 " наурыздағы N 1027

қаулысына N 1 қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының Қ Ұ Р А М Ы

Әлімбетов Сабырхан Қалиханұлы	- аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, комиссия төрағасы (келісімі бойынша)
Нәзілдаұлы Қуаныш	- аудан әкімі аппаратының заңгер-маманы, комиссия төрағасының орынбасары.
Комиссия мүшелері:	
Утжанов Чингис Кубеевич	- аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру бөлімшесінің бастығы (келісімі бойынша)
Жақсыбеков Ерзақ Өмірзақұлы	- аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісімі бойынша)

Қаратаева Алғатай Әбітайқызы	– аудандық емхананың терапия бөлімінің меңгерушісі, медициналық комиссияның төрайымы (келісімі бойынша)
Нәлібаева Гүлнұр	– аудандық психологиялық-педогогикалық кабинетінің психологі (келісімі бойынша)
Раева Эльмира	– аудандық емхананың медбикесі, комиссия хатшысы (келісімі бойынша)

**Аудан әкімдігінің 2011 жылғы
" 28 " наурыздағы N 1027
қаулысына N 2 қосымша**

Аудандық шақыру комиссиясының құрамындағы медициналық комиссияның құрамы:

1	Қаратаева Алғатай Әбітайқызы	– аудандық емхананың терапия бөлімінің меңгерушісі, медициналық комиссия төрайымы
дәрігерлер:		
1	Альходжаев Сұлтанбек	– аудандық емхананың хирургі
2	Алдабергенов Сарыбай	- аудандық емхананың тіс дәрігері
3	Әжібеков Бақытжан	– аудандық емхананың көз аурулары дәрігері
4	Дүйсенов Қайрат	– аудандық емхананың лор дәрігері
5	Усеинов Сакен	- аудандық тері аурулары диспансерінің дәрігері
6	Төлегенов Бекболат	– аудандық емхананың жүйке ауруы дәрігері
7	Утетлеуова Рабиля	- өкпе аурулары ауруханасының фтизиаторы
8	Жапар Темір	– аудандық емхананың невропатологі
9	Рахманов Нұрлан	– аудандық емхананың нарколог дәрігері
10	Жунисов Ришат	– аудандық емхананың терапевті
медбикелер:		
1	Раманқұлова Закира Шарақызы	- аудандық емхананың медбикесі
2	Реева Эльмира Пернеханқызы	- аудандық емхананың медбикесі
3	Сахиева Айгүл Нарзулдақызы	– аудандық емхананың медбикесі
4	Рысбаева Айгерім	– аудандық емхананың медбикесі
5	Тасаева Пернеш	- аудандық өкпе аурулары диспансерінің медбикесі

**Аудан әкімдігінің 2011 жылғы
" 28 " наурыздағы N 1027
қаулысына N 2 қосымша**

**Жаңақорған ауданы бойынша 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында азаматтарды әскерге шақыру кестесі 2011 жылғы көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу
КЕСТЕСІ**

--	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК